

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы  
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 маусымдағы N 947

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 4 наурызда Анкара қаласында қол қойылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы Түрік Тарабын белгіленген тәртіппен хабарландырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік  
Республикасының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны  
қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі қарай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Түрік Республикасының Үкіметі,  
климаттық және табиғи жағдайлардың ұқсастығын және екі мемлекеттің  
арасындағы жан-жақты тығыз байланыстарды есепке ала отырып;  
қазіргі және болашақ ұрпақ алдында ғаламдық дағдарысты, экологиялық күйзелісті,  
апаттарды және экологиялық зиянсыз тіршілік ортасын құрудағы табиғи ортаның  
азуын болдырмау өз жауапкершіліктерін сезіне отырып;  
экологиялық проблемалардың ғаламдық сипатын есепке ала отырып, қоршаған  
ортаны және табиғи байлықтарды оған тек қана жалпы күш салып сақтап қалуға  
бол а т ы н ы н е с к е р е о т ы р ы п ;  
қоршаған орта және даму жөніндегі БҰҰ конференциясында бекітілген

қағидаттарының маңыздылығын мойындай отырып;  
ортақ тілімізге, мәдениетімізге, дәстүріміз бен тарихымызға

негізделген достық пен ынтымақтастықтың рухы даму саласында, қоршаған ортаны қорғау мен қалпына келтіруді өзара тиімді ынтымақтастық үшін негіз жасайды деп сенімділік білдіре отырып;  
төмендегілер жайында келісті:

### 1-бап

Тараптар теңдік пен өзара тиімділіктің негізінде жүзеге асырылып, қоршаған ортаны қорғау және адамдардың тіршілік ортасының жағдайын жақсарту саласындағы ынтымақтастықты тереңдете түсуге жәрдемдеседі.

### 2-бап

Ынтымақтастық келесі негізгі бағыттарда жүзеге асырылады:

1. Атмосфераны қорғау, оның ішінде шекаралық ауаның ластануының алдын алу.

2. Жерді қорғау және тозған жерді қайтадан өңдеу, шөлейттенумен күресу саласындағы тәжірибелермен алмасу.

3. Құрлықтағы су көздері мен шекаралық су жолдарын қоса алғанда, сулардың тазалығын қорғау, сондай-ақ өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісінің, елді мекендердің тіршілігі нәтижесінде пайда болатын ағын суларды тазарту және сақтау.

4. Қатты қалдықтарды меңгеруді қоса алғанда, қалдықтарды орналастырудың бара-бар тәсілін табуды анықтау және жүзеге асыру.

5. Қауіпті қалдықтардың заңсыз тасымалдануына тыйым салу және ол жөнінде х а б а р л а у .

6. Флора мен фаунаның биологиялық әртүрлілігін сақтау, жоғалып кету қаупі бар түрлерді сақтау, сондай-ақ осы контекстегі табиғи ресурстарды басқару жөніндегі жоспарларды дайындау процесінде батпақты су, шөл және биік таулы жерлер сияқты экологиялық жүйелерінің осал жерін қорғау.

7. Осы мақсаттар үшін экономикалық құралдарды және қаржы механизмдерін тұрақты дамытуға және пайдалану қағидаттарына, ең алдымен, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік, энергетика және туризм салаларындағы салааралық қатынастар саласындағы экологиялық саясаттар мен іс-қимылдарды үйлестіру.

8. Табиғатты қорғау саясатын дамыту және экологиялық ұйымдарды жетілдіру

мақсатында әкімшілік, қаржы және заңды шаралар.

9. Экологиялық ақпарат жүйесін пайдалануды қоса алғанда мониторинг және өлшеу әдістерін пайдалану.

10. Табиғатты қорғау технологияларын пайдалану және алмасу.

11. Орнын толтыруға келмейтін табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану.

12. Қоршаған ортаға ықпал жасауға баға беру.

13. Егер ол қажет болса, сондай-ақ үшінші жаққа экологиялық қауіпті көріністердің және апаттардың басталуы мүмкіндігін немесе пайда болуын, олардың алдын алу мен сақтандыруға бірлесіп қатысу туралы бір-біріне мәлімет беру.

14. Халықаралық экологиялық саясаттар пен практикаларды, есепке ала отырып, қоршаған ортаны қорғау проблемаларына Ұлттық тәсілдерді сай келтіру, осы бағыттардағы бірлескен іс-қимылдардың қолайсыз жағдайларын аймақтық және ғаламдық деңгейде зерттеу.

### 3 - б а п

Тараптар бірлескен әзірлемелерді жүзеге асыру үшін басымдықтар ретінде мынадай бағдарламаларды белгілейді:

1. Ғылыми зерттеулер, экологиялық саясат әзірлемелері, заң шығару салаларында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану саласындағы практикалық қызметке ақпараттар мен мәліметтер алмасу.

2. Осы Келісімде көрсетілген проблемалар бойынша Тараптардың өкілдерінің және сарапшыларының қатысуымен бірлескен кездесулер ұйымдастыру.

3. Тараптар үшін өзара тиімді негізде техникалық симпозиумдар, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру.

4. Аталған ынтымақтастық салаларын білікті сарапшылар даярлау мақсатында бірлескен бағдарламаларды әзірлеу, орындау және осы жұмыс шеңберінде мамандар алмасу.

5. Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген жұмыстарды орындау мақсатында, қажет болған жағдайда, Тараптардың біреуіне көмек көрсету.

### 4-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында әрбір Тарап осы Келісім бойынша қызметті үйлестіруші ретінде үкіметтік ведомствоны белгілейді. Әрбір үйлестіруші арнаулы шаралар мен ынтымақтастықтың бағдарламаларын қарастыратын, осы

бағдарламаларды орындауға тартылатын ұйымдардың құрамы мен қатысушыларын қалыптастыратын және тиісінше Тараптарға осы Келісім тақырыбы бойынша ұсыныстар беретін болады. Үйлестірушілер осы Келісім мақсаттарын жүзеге асыру үшін, қажет болған жағдайларда, бір-бірімен байланыс жасап, кездесе алады.

#### 5-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық бойынша жұмыстарға қатысуға ғылыми ұйымдарды, жеке фирмаларды және үкіметтік емес ұйымдарды шақыра алады.

#### 6-бап

Кез келген Тарап өзара келісім негізінде өз ынтымақтастығының нәтижелерін үшінші тарапқа бере алады. Тараптар ақпараттар алмасу кезінде, үшінші тараптың қолданыстағы заңдарының құқығының ережелерін және халықаралық міндеттемелерін ескерулері тиіс. Құпия (мемлекеттік немесе коммерциялық тұрғыдағы) ақпараттарды пайдалану ерекше келісілуі керек.

#### 7-бап

Осы Келісімнің Тараптар үшін, олар жасасқан басқа да халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне қатысы жоқ.

#### 8-бап

Осы Келісімді орындау немесе талдап-түсіндіру кезінде туындауы мүмкін кез келген дау Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

#### 9-бап

Осы Келісім олардың заңдарында көзделген, ішкі мемлекеттік процедураларды орындағандары туралы екі Тараптың да хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 жыл уақытқа жасалынады. Оның қолданысы, егер тараптардың ешқайсысы да оны өзінің бұзғысы келетіні туралы екінші Тарапқа, оны бес жылдық мерзім біткенге дейін, алты айдан кем емес уақыт ішінде жазбаша түрде хабарламаса, келесі бес жылдық мерзімге өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісім бұзылған жағдайда оның негізінде қол қойылған ынтымақтастықтың кез келген бағдарламасы өзінің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін өз күшін сақтайды.

Анкара қаласында 1997 жылғы 4 наурызда 2 данада әрқайсысы, қазақ және түрік тілдерінде жасалды, сондай-ақ мәтіндерінің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының           Түрік Республикасының  
Үкіметі үшін                               Үкіметі үшін